вень добровольного отклика коммерческой организации на социальные проблемы общества, лежащие вне определяемых законом или регулируемыми органами требований. Социальная ответственность бизнеса предполагает сознательное отношение организации к требованиям социальной необходимости, гражданского долга, общественных задач, норм и ценностей.

Билік- биліктің субъектісі мен объектісінің өзара әлеуметтік қатынасы, бұндай жағдайда биліктің субъектісі объектісін бақылап, ол арқылы өз шешімдерін іске асырады. Билік дегеніміз әрқашан субъект пен объектің екеуара қарым қатынасы. Объектінің бағынуынсыз билік болуы мүмкін емес.

Власть (англ. Power) - социальное взаимодействие субъекта и объекта власти, при котором субъект власти контролирует объект и реализует через него свою волю. Власть всегда является двусторонним отношением субъекта и объекта. Власть немыслима без подчинения объекта.

Босқындар - саяси сенімдері, нәсілдік, діни наным, азаматтық, ұлттық белгілері, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы бойыншы қудалау құрбаны болу қауіптеріне байланысты өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде тұруға мәжбүр және осындай қауіптер салдарынан өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе қорғауын пайдаланғысы келмейтін шетелдіктер немесе өзінің бұрынғы тұрғылықты елінен тыс жерде тұрып жатқан, осы қауіптер салдарынан оған қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін азаматтығы жоқ адамдар.

Беженцы (англ. Refugees) – иностранцы, которые в силу обоснованных опасений стать жертвой преследований по политиче-

ским убеждениям, признаку расы, вероисповедания, гражданства, национальности, принадлежности к определенной социальной группе вынуждены находиться вне страны своей гражданской принадлежности и не могут пользоваться защитой своей страны или не желают пользоваться защитой вследствие таких опасений, или лица без гражданства, находящиеся вне страны своего прежнего местожительства, которые не могут или не желают вернуться в нее вследствие этих опасений.

Босқындар статусы туралы конвенция - босқындар статусы туралы мәселе бойынша қатысушы мемлекеттер үшін міндетті күші бар халықаралық құжат.

Конвенция о статусе беженцев (англ. Convention on the Status of Refugees) - международный документ, имеющий обязательную силу для государств-участников по вопросу о статусе беженцев.

Бухгалтерлік есеп - қосарландырылған жазба жүргізу әдісімен жүйелендірілген жинақтау, тіркеу, кәсіпорынның шаруашылық қызметі туралы қажетті ақпаратты қаржы түрінде өңдеу, талдап қорыту.

Учет бухгалтерский (англ. Accounting bookkeeping) — систематизированный сбор, регистрация методом двойной записи, обработка, обобщение необходимой информации о хозяйственной деятельности предприятия в денежном выражении.

БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясы - балаға қатысты бәрін қамтыған, мемлекеттер мойындауға дайын міндеттемелер тізбесі. Бұл міндеттемелер тікелей болуы мүмкін, мысалы білім алуға мүмкіндіктер жасау немесе кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сот жүргізуді

қамтамасыз ету; я болмаса, ата-аналарына, отбасының басқа да мүшелеріне немесе қамқоршыларына өздерінің негізгі рөлдерін атқаруға, тәрбиелеуші және қорғаушы міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін жанама түрде болуы мүмкін.

Конвенция ООН о правах ребенка (англ. United Nations Convention of the Rights of the Child) – это всеобъемлющий перечень обязательств в отношении ребенка, которые государства готовы признать. Эти обязательства могут быть прямыми, например предоставление возможности для получения образования или обеспечение должного отправления правосудия в отношении несовершеннолетних; либо косвенными, давая возможность родителям, другим членам семьи или опекунам играть свои основные роли и выполнять обязанности воспитателей и защитников.

Біліктілік- бұрынғы алған білімдерінің негізінде жаңа жағдайда белгілі бір қызмет пен әрекетті орындау қабілеті.

Умение — это способность выполнять определенную деятельность или действия в новых условиях, образовавшаяся на основе ранее приобретенных знаний и навыков

Бюрократия - үкіметтік орталық органдарының қолында барлық билік шоғырланған елдердегі мемлекеттік басқару. Бұл үкімет аппараты шенеуніктері мен басшыларының шексіз билігін білдіреді. «Бюрократия» термині жағымсыз сипатта болып келеді де, авторитарлық жүйелерге тән болады. Демократиялық қоғам бюрократияның жағымсыз сипаттарын шектеуге немесе еңсеруге бағытталған басқару және бақылау нысандарын жасауға ұмтылады.

Бюрократия (англ. Bureaucrasy) – государственное управление в странах, где абсолют-

но все сосредоточено в руках органов центральной правительственной власти, что в свою очередь подразумевает неограниченное господство руководителей и чиновников аппарата правительства. Термин «бюрократия» носит негативный характер и присущ авторитарным системам. Демократическое общество стремится выработать формы контроля и управления, направленные на преодоление или ограничение отрицательных черт бюрократии.

Гастарбайтер- дамыған өнеркәсіпті елге нашар дамыған елден тартылатын шетелдік жұмысшысы.

Гастарбайтер (англ. *Gastarbeiter*) – иностранный рабочий, привлекаемый из слабо-развитой страны в промышленно развитую страну.

Гендер- әлеуметтік сипаттағы ер мен әйел арасындағы айырмашылық, басқаша айтқанда, жыныстың мәдени келбеті. Бұл біздің жыныс туралы әлеуметтік – мәдени көзқарас аясындағы пікіріміз. Мысалы, әйел – ана, жар; ер – басшы, саясаткер және т.б.

Гендер (англ. *gender*) – различие между женщинами и мужчинами в социальном смысле, так называемая культурная маска пола. Это то, что мы думаем о поле в границах наших социокультурных представлений. Например, женщина – жена и мать, мужчина – руководитель, политик и т.п.

Гендерлік –құқықтық сараптама - халықаралық стандарттар мен нормалардың ұлттық заңнамада қандай дәрежеде іске асырылатынын айқындау. Ерлер мен әйелдер үшін тек тең құқықтар мен жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар тең мүмкіндіктерді де қамтитын гендерлік әділетті саясатты қалыптастыруға ықпал ететін, өкілетті және

атқарушы органдардың әлеуметтік гендерлік сезімталдық дәрежесін айқындау.

Гендерно-правовая экспертиза (англ. *Gender legal expertise*) – определение, в какой мере международные стандарты и нормы реализуются в национальном законодательстве. Определение степени гендерной чувствительности представительных и исполнительных органов, социума, способствующей формированию гендерно справедливой политики, включающей не только равные права и ответственность, но и равные возможности для мужчин и женщин.

Гендерлік талдау - әзірленіп жатқан және қолданыстағы даму жобаларының ерлер мен әйелдерге түрлі әсерін жүйелі зерттеу. Ол саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да факторлардың әйелдер мен ерлерге қалайша әсер ететін байқауға және салыстыруға мүмкіндік береді.

Гендерный анализ (англ. *gender analysis*) – систематические исследования различного воздействия разрабатываемых и действующих проектов развития на мужчин и женщин. Он позволяет увидеть и сравнить, каким образом политические, экономические, социальные и иные факторы влияют на женщин и мужчин.

Гендерлік тең құқықтық - әйелдер мен ерлердің заң алдындағы тең құқықтығы, гендерлік теңдікке жету жолдарының бірі болып табылады.

Гендерное равноправие (англ. *Gender equality*) – равноправие женщин и мужчин перед законом, что является одним из путей достижения гендерного равенства.

Гендерлік теңдік - әйел мен ер адамның әлеуметтік тепе-теңдігі, жыныс арасындағы қатынастардың үйлесімі, әйел адамның саясатқа, экономикаға қатысуына бірдей

мүмкіндік беру және т.б. Алайда гендерлік теңдік жетістігі жыныс арасындағы психологиялық шектеуді жоюға, «жыныссыздық» мінез-құлқына жол бермеуі керек.

Гендерное равенство (англ. Gender equality) – это социальное равноправие мужчины и женщины, гармонизация отношений между полами, предоставление одинаковых стартовых возможностей участия женщин в политике, экономике и т.д. Однако достижение гендерного равенства не должно сводиться к стиранию психологических границ между полами, к «бесполости» поведения.

Грант - 1.Мәдени, ғылыми, т.б. мекемелер мен ұйымдарға ақшалай соманы бір жолғы бөлу немесе жабдықтарды, ғимараттарды, т.б. сыйға тарту (әдетте өзіндік қаражаттан). 2.Ұжымдарға, спорт командаларына, т.с.с. мемлекеттік қаражаттан өтеусіз берілетін жәрдемқаржы, демеуқаржы. 3.Студенттер мен оқушыларға мемлекеттік немесе жергілікті бюджеттен төленетін шәкіртақы.

Грант (англ. Grant) – 1. Единовременное выделение денежной суммы или дарения оборудования, помещения и т.п. (обычно из личных средств) культурным, научным и др. учреждениям и организациям. 2. Безвозмездная дотация, субсидия, коллективам, спортивным командам и пр., представляемая из государственных средств. 3. Стипендия, выплачиваемая студентам и ученикам из государственного или местного бюджета.

Грантмейкер- грант тағайындайтын ұйым.

Грантмейкер - организация, предоставляющая грант.

Гранттар байқауы - алдын ала бекітілген өлшемдер жиынтығына сәйкес өтінімдер беруге ұйымдастырылған түрде шақыруды қамтитын, және солардың ішінен бірнешеуін таңдау және қаржыландыру үрдісі. Жабық байқаулар, аумақтық байқаулар, ағымды, сыйақы байқаулары, бірінші грант байқауы, бірсатылы және көпсатылы байқаулар болып жіктеледі.

Конкурс грантов – процесс, включающий приглашение организованным образом предоставлять заявки в соответствии с набором заранее утвержденных критериев, а также отбор и последующее финансирование некоторого их количества. Различают закрытые конкурсы, региональные конкурсы, текущие, призовые конкурсы, конкурс первого гранта, одноэтапные, многоэтапные конкурсы.

Гранттық келісім - бұл донор (қайырымдылық жасаушы) мен реципиент (қайырымдылық алушы) арасындағы келісім-шарт түріндегі құжат. Бұл құжатта жобаны қаржыландырудың тәртібі мен шарттары көрсетіледі.

Грантовое соглашение – это документ, который имеет форму договора между донором(благотворителем) и реципиентом (грантополучателем), и в котором отражены порядок и условия финансирования проекта.

Дағдарыс орталығы - зорлықтын немесе зорлық қатерінің салдарынан қиын жағдайға тап болған, тәуекел тобындағы адамдарға, көбінесе әйелдерге қызмет көрсететін (кеңес беру, уақытша баспана беру, қалпына келуге көмектесу) ұйымдар.

Кризисные центры (англ. Crisis Centers) – организации, представляющие услуги (консультации, временное убежище, помощь в реабилитации) лицам из групп риска, чаще всего женщинам, попавшим в сложную си-

туацию вследствие насилия или угрозы населения.

Дағды, машық - әртүрлі мәселерді шешуде автоматты деңгейге дейін жеткізілген біліктілік (көбінесе қозғалыстық). Әр әрекеттің жаңа тәсілі алғашында өз бетінше өтеді. Сонан соң көп қайталану нәтижесінде автоматты түрде орындалатын әрекет ретінде жүзеге асады. Еңбек қызметіндегі дағдылар қызметкердің біліктілік пен кәсіби құзыреттілігінің маңызды элементі болып табылады.

Навык — доведенное до автоматизма умение решать тот или иной вид задачи (чаще — двигательных). Всякий новый способ действия, протекая первоначально как некоторое самостоятельное, развернутое и сознательное действие, затем в результате многократных повторений может осуществляться уже в качестве автоматически выполняемого действия. Навыки в сфере трудовой деятельности являются важным элементом квалификации и профессиональной компетентности работника.

Даму - бірте-бірте сатылай жеке тұлғалық өсу немесе білім, білік, қарым-қатынас және әдептер эволюциясы. Олар үлкен тәжірибе негізінде алынған білімдер аркасында жақсара түседі (әдетте қызмет сатысын жоғарылатуға, жұмыс орнын жетілдіруге ұмтылатын білім мен білік дағдысы бар адамдарға байланысты қолданылады).

Развитие (англ. Development) — постепенный индивидуальный рост или эволюция знаний, умений, взаимоотношений и поведения, которые улучшаются, благодаря знаниям, полученным на основании большого опыта обычно применимо к людям, у которых же есть часть знаний, умений и навыков по взаимоотношениям, но которые хотят их

улучшить, сменить место работы или должность либо двигаться вверх по служебной лестнице).



Дебрифинг- адамдардың өзіндік жұмысына бағытталған, тапсырмаларды қорытындылау үшін жүргізілетін кезең. Адам өз ішкі дүниесінде жаңа немесе бұрын сезінбеген нәрселерді ашқан сәттерде, оны белгілі бір сезімдер кернеуі мүмкін. Адамның өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар, міндетті түрде қатысушылармен, сол тапсырмаларды орындау барысында бастарынан өткізген сезімдерді талқылаумен аяқталуы қажет. Бұндай кезең "дебрифинг уақыты" деген атқа ие, оның мақсаты - ішкі эмоционалды кернеуден арылту. Рөлдік ойындарда "дебрифинг" термині басқа мағынаға ие болады - ол қатысушының атқарған рөлінен шығу үрдісін білдіреді.

Дебрифинг — стадия, завершающая упражнения, направленные на внутреннюю работу человека. Когда человек открывает в себе что-то новое или ранее неосознаваемое, его могут переполнить определенные чувства. Упражнения, направленные на внутреннюю работу человека, обязательно должны заканчиваться обсуждением с участвующими тех чувств, которые они пережили в процессе выполнения этого упражнения. Такая стадия имеет название «время дебрифинга», ее цель — снять внутреннее эмоциональное напряжение. В ролевой игре термин «дебрифинг» имеет несколько иное значение — это

процесс выхода участников из роли, которую они выполняли.

Девиантты даму (лат. *deviatio* - ауытқу) - жалпыға ортақ ережелерден тыс, қабылданған құқықтық немесе моральдік нормаларға қарама-қайшы әлеуметтік іс-әрекеттерге, мысалы маскүнемдікке, азғындаушылыққа, зорлық-зомбылыққа, ұрлыққа әкелетін психикалық дамудың ауытқуы.

Девиантное развитие - отклоняющееся психическое развитие, приводящее к поступкам, противоречащим нормам морали или права, например, пьянству, половой распущенности, мошенничеству, воровству и др.

Девиация (девианттық мінез-құлық) - жалпыға ортақ ережелерден ауыткытын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары; қабылданған құқықтық немесе моральдік нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы.

Девиация (девиантное поведение) - поведение, отклоняющееся от ожидаемого и одобряемого в социуме.

Демеуші - іс-шаралардың әрқилы түрлерін жүзеге асыруға немесе жаңа ұйымды құруға көмектесетін заңды немесе жеке тұлға. Қайтарымды қажет етпейтін қаржылық және материалдық көмек көрсететін, әлеуметтік-экономикалық, қайырымдылық коммерциялық жобаларды іске асыруға, кәсіпорын, қоғам және басқа ұйымдардың қызметін қолдауға көмектесетін адам немесе адамдар тобы.

Спонсор (англ. Sponsor) – юридическое или физическое лицо, которое содействует реализации различного вида мероприятий или учреждения новой организации. Лицо или группа лиц, организация, которые ока-

зывают безвозмездную финансовую или материальную помощь, содействие в проведении социально-экономических, благотворительных коммерческих проектов, поддержку деятельности предприятий, обществ и других организаций.

Демеушілік - бағдарламаны, жобаны, іс-шараларды қолдау көрсету мақсатында, я жеке қызметін жарнамалау мақсатында қаржыландыру. Тура және жанама түрде табыс табу мен басқа да мүдделерді қарастырады.

Спонсорство – финансирование программы, проекта, мероприятия как с целью его поддержки, так и для рекламы собственной деятельности. Предусматривает прямое или косвенное извлечение прибыли или иной выгоды.

Демократия-мүмкін болатын бірнеше билік түрінің бірі. Демократия халық билігінің синонимі ретінде қолданылады, бір (монархия мен автократия) немесе бірнеше (аристократия мен олигархия) тұлғалар билігінен ерекшеленеді. «Демократия» «халық билігі» деген ұғымды білдіретін грек сөзінен шыққан.

Демократия (англ. Democracy) – одна из нескольких возможных форм правления. Демократия является синонимом правления народа и как таковая отличается от правления одного лица (монархия и автократия) или нескольких лиц (аристократия или олигархия). «Демократия» происходит от греческого слова, которое означает «правление народа».

Демократиялық құқықтар - демократиялық қоғам ретіндегі құқықтық мемлекет кепілдік беретін жеке адамның және азаматтың құқықтары. Демократиялық қоғамда әрбір адам тікелей немесе еркін сайланған өкілдер арқылы мемлекетті

басқаруға, мемлекеттік қызметке тұруға құқылы. Демократиялық қоғамда мемлекеттік биліктің негізі халықтың қалауы болып табылады.

Демократические права (англ. Democratic rights) - это права личности – человека и гражданина, гарантии которых обеспечивает правовое государство как аспект демократического общества. В демократическом обществе каждый имеет право принимать участие в управлении государством прямо или через свободно избранных представителей, право на равный доступ к государственной службе. Основой государственной власти в демократическом обществе является воля народа.

Донор - қайырымдылық қауымдастықтарында қолданылатын кәсіби термин. Ол ірі көлемдегі қайырымдылық жасаушы немесе тұрақты негізде грант беруші жеке тұлғаны немесе ұйымды білдіреді. Донор рөлінде әдетте қайырымдылық қорлар, банктер, корпорациялар мен оның жетекшілері болып келеді.

Донор – профессиональный термин благотворительного сообщества, обозначающий частное лицо или организацию, делающие крупные пожертвования или предоставляющие на постоянной основе гранты. Наиболее часто в роли доноров выступают благотворительные фонды, банки, корпорации и их руководители.



Еңбекшілер құқықтары - еңбек заңнамасы саласындағы мемлекет бекіткен ережелер жиынтығы. Демократиялық мемлекеттік құрылымы бар елде еңбекшілер ешқандай кемітусіз атқарылған жұмысына қарай толыққанды еңбекақы алуға құқылы. Еңбек жағдайы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беруі тиіс. Жұмысшылар кәсіподақтарға немесе басқа да бірлестіктерге өз еркімен кіруге, лайықты түрде демалуға және өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға құқылы.

Права трудящихся (англ. Workers' Rights) - совокупность правил установленных государством в области трудового законодательства. В странах демократичным государственным устройством трудящиеся имеют право на равную оплату за равный труд без какой-либо дискриминации. Условия труда должны отвечать требованиям безопасности и гигиены. Рабочие могут добровольно вступать в профессиональные союзы или другие общественные объединения, они должны достойно отдыхать и иметь возможность повышать свою профессиональную квалификацию.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар (оқуда арнайы жағдайлар қажет ететін балалар) - сырқаттардың, жарақаттардың салдарынан тіршілік әрекеттерінің шектелуіне әкеліп соқтыратын және әлеуметтік қорғауды қажетсінетін денсаулығында организм қызметінің тұрақты бұзылуы орын алған ақауы бар балалар.

Дети с особыми нуждами (дети со специальными потребностями в обучении) (англ. Special needs children) – дети, имеющие нарушение здоровья со стойким расстройством функций организма, обусловленное заболеваниями, последствиями травм или дефектами, приводящее к ограничению жизнедеятельности.

тельности и вызывающей необходимость специальной защиты.

Ереуіл - жұмыс беруші мен ұжымдық еңбек дауында өздерінің әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік талаптарын қанағаттандыру мақсатында жұмысты толық немесе ішінара тоқтату.

Забастовка (англ. Strike) – полное или частичное прекращение работы в целях удовлетворения своих социально-экономических и профессиональных требований в коллективном трудовом споре с работодателем.

Ерікті - өз еркімен қызмет атқарып, оған ақша алмайтын адам. ҰЕҰ барлық қызметі осы еріктілікке негізделінген. Біріккен Ұлттар Ұйымы еріктілік бастаманың дамуына аса көңіл бөлуде (UNV –БҰҰ еріктілері).

Волонтер (англ. Volunteer) – человек, работающий на добровольных началах и не получающий за это денег. Вся основная деятельность НПО держится на волонтерстве. Организация Объединенных Наций уделяет большое внимание развитию волонтерских инициатив (UNV - Добровольцы ООН).

Жалгер - жалға берілетін белгілі бір нысанды уақытша иеленуге және пайдалануға алатын заңды немесе жеке тұлға.

Арендатор (англ. Leaseholder) - Юридическое или физическое лицо, которое получает во временное владение и пользование тот или иной объект.

Жалға беруші - табиғи және мүлкті уақытша иеленуге және пайдалануға беретін заңды немесе жеке тұлға.

Арендодатель (англ. Landlord) – юридическое и физическое лицо, сдающее во временное владение и пользование природные и имущественные объекты или иное имущество.

Жалпы экономикалық жағдайды талдау - негізгі мақсаты белгілі бір рыноктегі тұтыну жағдайына әсерін тигізуі мүмкін жалпы экономикалық факторларды анықтау болып табылатын талдау.

Анализ общеэкономической ситуации (англ. General economic situation analysis) – анализ, основной целью которого является выявление общеэкономических факторов, которые могут повлиять на условия сбыта на данном рынке.



Жанашырлық жәрдем - жанашырлық жәрдем -заттар мен қаржы қорын қоғамдық мақсаттар үшін сыйлау. Жанашырлық жәрдемді жеке адамға, емдік орындарға, қоғамдық орындарға, тәрбиелік, қайырымдылық, ғылыми, оқу орындарына, фонд, мұражай, мәдени, қоғамдық, діни мекемелерге беруге болады.

Пожертвование – дарение средств, вещи или прав в общепользных целях. Пожертвования могут делать отдельным лицам, учреждениям социальной защиты лечебным, воспитательным, благотворительным, научным и учебным учреждениям, фондам, музеям и другим учреждениям культуры, общественным и религиозным организациям.

Жанашырлық жәрдемдерді жинау - тек қайырымдылық мақсатқа жұмсау үшін, кез

келген тура немесе жанама түрде қаражат беруге, өз еркімен қызмет көрсетуге немесе басқа да құндылықтарды беруге жасалатын өтініш.

Сбор пожертвований - любое прямое или косвенное обращение за средствами, собственностью, добровольными услугами или другими ценностями, предоставляемыми при условии, что они будут использованы для благотворительных целей.

Жанұя - бірге тіршілік ететін туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы.

Семья - основанное на кровном родстве, браке или усыновлении объединение людей, связанных общностью быта и взаимной ответственности за воспитание детей.

Жариялылық - қоғамдық маңызды ақпараттың қолжетімділігін, басқару ұйымдардың жұмысының ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды демократиялық қағидаттардың бірі болып табылады. Жариялылық – «сөз бостандығы» ұғымымен тығыз байланысты, бірақ бұл мемлекеттік, әскери т.б. құпияларды жария ету дегенді білдірмейді. Жариялылық билік органдарының жұмыстарын бақылауға мүмкіндік береді және бюрократизмге қарсы тиімді күрес құралы болып табылады.

Гласность (англ. publicity) – один из важных демократических принципов, обеспечивающий открытость работы органов управления, доступность общественно-важной информации. Гласность тесно связана с понятием «свобода слова» и также не подразумевает разглашение государственных, военных и т.п. тайн. Гласность позволяет

контролировать работу органов власти и является эффективным инструментом борьбы против бюрократизма.

Жарнама - ақпараттың кез келген құралдарының көмегімен, кез келген нысанда таратылатын, тұтынушыларға хабарландыру мақсатымен және осы тауарлар, қызметтерге сұраныс тудыру үшін түрліше қызмет түрлері мен т.б. туралы ақпарат.

Реклама (англ. Advertisement, advertising) – информация о товарах, различных видах услуг и т.п. с целью оповещения потребителей и создания спроса на эти товары, услуги, распространяемая в любой форме, с помощью любых средств информации.



Жастар ұйымы - негізгі мақсаты әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін және жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де міндеттерді шешу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын, мүшелері (қатысушылары) жастар өкілдері болып келетін заңды тұлғалар қауымдастығы (одағы), қор, сондай-ақ қоғамдық бірлестік нысанында құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым.

Молодежная организация (англ. Youth Organization) - некоммерческая, негосударственная организация, основной целью которой является решение социальных, культурных, образовательных и иных задач, направленных на защиту прав, законных ин-

тересов, удовлетворение духовных и иных потребностей молодежи, созданная в форме ассоциации (союза) юридических лиц, фонда, а также общественного объединения, членами (участниками) которого являются представители молодежи.

Жауапкершілігі шектеулі қоғам - фирманың міндеттемесі бойынша әрбірінің жауапкершілігі, оның барлық қатысушылар үшін бірдей салыммен шектелген, әрбір қатысушының салым сомасына еселік қатынасы бар, фирманың қызметіне қатысатын адамдардың бірлестігі.

Общество с ограниченной ответственностью (англ. Limited (liability) company (Ltd) – объединение лиц, участвующих в деятельности фирмы, в котором ответственность каждого по обязательствам фирмы ограничивается его вкладом в одинаковом для всех участников кратном отношении к сумме вклада каждого участника.

Жаһандану - біріңғай (қағидаттары, заңдары мен мақсаттары бойынша) экономикалық, саяси, мәдени және ақпараттық кеңістіктерді құруға алып келетін, әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің ықпалдасуының, өзара байланысының өсу процесі. Жаһандану елдер мен халықтардың көптүрлілігін немесе тұрмыстық жағдайын жоюды білдірмейді. Егер қандай да бір мемлекеттердің саясаты нәтижесінде мұндай үрдіс шындыққа жанаспаса, жаһандануға қарсы деп аталатын әрекетті туғызады.

Глобализация (англ. Globalization) – процесс роста взаимодействия, интеграции государств мирового сообщества, ведущий к формированию единого (по принципам, законам и целям) экономического, политического, культурного и информационного пространства. Глобализация не означает

ликвидации многообразия и самобытности стран и народов. Но если вследствие политики тех или иных государств такая тенденция становится реальной, то это вызывает ответную реакцию, т.н. антиглобализм.

Жәрдемақы- еңбек ету қабілетінен тұрақты немесе уақытша айырылған жағдайда азаматтарға, сондай-ақ, балалы отбасыларына материалдық көмек көрсетуге арналған тұрақты немесе біржолғы ақшалай төлем.

Пособие (англ. Benefit, allowance) – регулярная или единовременная денежная выплата, предназначенная для оказания материальной помощи гражданам в случае постоянной или временной потери трудоспособности, а также семьям, имеющим детей.

Жеке кәсіпкерлік - азаматтардың табыс алуына бағытталған, азаматтардың өздерінің меншігіне негізделген және азаматтардың атынан және мүлктік жауапкершілігі кепілдігімен тәуекел етіп жүзеге асырылатын ынталы қызметі. Заңды тұлға құрмай және заңды тұлға белгілері жоқ жағдайда жеке тұлғалар кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Жеке меншікті кәсіпкерліктің түрі.

Индивидуальное предпринимательство (англ. Individual entrepreneurship) – Инициативная деятельность граждан, направленная на получение дохода, основанная на собственности самих граждан и осуществляемая от имени граждан на риск и под их имущественную ответственность. Субъектами индивидуального предпринимательства являются физические лица, занимающиеся предпринимательской деятельностью без образования юридического лица и при отсутствии признаков юридического лица. Вид частного предпринимательства.

Жеке кәсіпорын - жеке меншік құқық негізінде жұмыс істейтін кәсіпорын. Жеке кәсіпорын азаматтың (отбасының) мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіру барысында оны сатып алуы немесе жаңа шаруашылық ұйымын құруы нәтижесінде құрылуы мүмкін.

Частное предприятие (англ. Private enterprise (business, firm, company)) – предприятие, функционирующее на основе права частной собственности. Частное предприятие формируется из имущества гражданина (семьей) государственного предприятия в ходе его приватизации или создания новой хозяйственной единицы.

Жеке табыс салығы - табыс салығы түрлерінің бірі, оның салық салынатын объектілері: төлем көзінен салық салынатын табыстары мен төлем көзінен салық салынбайтын табыстарына бөлінеді. Төлем көзінен салық салынатын табыстарға: қызметкердің табысы; бір жолғы төлемдерден алынатын табыс; жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері; дивидендтер, сыйақылар, ұтыс түріндегі табыстар; шәкіртақылар, жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша табыс, т.б. жатады, ал төлем көзінен салық салынбайтын табыстарға - мүліктік табыс; адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы, т.б. жатады.

Индивидуальный подоходный налог (англ. Individual income tax) - Один из видов подоходного налога, плательщиком которого являются физические лица, имеющие объекты налогообложения: доходы, облагаемые у источника выплаты. К доходам налогоплательщика, облагаемым у источника выплаты, относятся: доход от разовых выплат; пенсионные выплаты из накопительных пенсионных фондов; доход в виде дивидендов, вознаграждений, выигрышей; стипендий и т.п., а к доходам, не облагаемым у источника вы-

платы – имущественный доход индивидуального предпринимателя; доход адвокатов и частных нотариусов и пр. доходы.

Жеке тұлғалардың мүлік салығы - тұра салық, меншік құқығы негізінде салық салынатын және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын объектілері бар жеке тұлғалар оны төлеушілер болып табылады. Жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықтарды есептеу берілген мерзімде тиісті салық мөлшерлемесін салық базасына қолдану жолымен жүргізіледі.

Налог на имущество физических лиц (англ. Individual property tax; property tax of physical persons) – прямой налог, плательщиками которого являются физические лица, имеющие объект налогообложения на праве собственности и не используемые в предпринимательской деятельности. Исчисление налога по объектам налогообложения физических лиц производится путем применения соответствующей ставки налога к налоговой базе в установленный срок.

Жеңілдікпен салық салу - қандай да болсын белгілі бір қызмет саласының нәтижелерін жақсартуды ынталандыру үшін пайыздық мөлшерлемесі межелі ауқымда төмендетілетін салық.

Льготное налогообложение (англ. Privilege taxing) – налог, процентные ставки которого в заданном диапазоне понижаются для стимулирования улучшения результатов какой-то определенной деятельности.

Жетім балалар - ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған, 18 жасқан толмаған балалар.

Дети – сироты (англ. Orphans) – лица в возрасте до 18 лет, у которых умерли оба или единственный родитель.

Жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелер - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұратын (білім алатын, тәрбиеленетін) білім беру мекемелері (балалар үйі), тұрғындарға қоғамдық қызмет көрсету мекемелері (ақыл-ой кемістігі бар балалар мен мүгедектігі бар балаларға арналған интернат-үйлері), денсаулық сақтау жүйесіндегі мекемелер.

Учреждения для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей - образовательные учреждения, в которых содержатся (обучаются и/или воспитываются) дети-сироты и дети, оставшиеся без попечения родителей (детские дома); учреждения социального обслуживания населения (дома-интернаты для детей-инвалидов с умственной отсталостью и физическими недостатками, социально-реабилитационные центры помощи детям, оставшимся без попечения родителей, социальные приюты); учреждения системы здравоохранения (дома ребенка).

Жоба- алдын ала қойылған мақсаттарға жету үшін, орындалу уақытына, бюджетіне және күтілетін жоба нәтижелеріне арнайы қойылған талаптар бойынша бір - бірімен тығыз байланыста орындалатын іс-шаралар жиынтығы.

Проект (Project) — уникальный комплекс взаимосвязанных мероприятий для достижения заранее поставленных целей при определенных требованиях к срокам, бюджету и характеристикам ожидаемых результатов.

Жоба бюджеті - жобаның қаржыларын әр түрлі негіздер бойынша: шығыс баптары, уақыт кезеңдері, жоба қатысушылары, шешілетін міндеттер, болжамды нәтижелердің компоненттері, ұйымдастыру

құрылымы т.б - алдын ала бекітіп, жобалап бөлшектеу. Жоба бюджеті - жобаны жүзеге асыру кезеңдері бойынша бөлшектелінген сметалық құны.

Бюджет проекта (Project budget) — утвержденное запланированное распределение финансовых средств проекта по различным основаниям: статьям затрат, временным периодам, участникам проекта, решаемым задачам, компонентам ожидаемых результатов, элементам организационной структуры проекта и т.п. Бюджет проекта — сметная стоимость, распределенная по периодам выполнения проекта

Жоба жетекшісі - жобаның нәтижелі, табысты жүзеге асуына, тапсырыс берушімен өзара қарым-қатынас жасауға, компанияның бөлімшелерімен өзара байланысқа жауап беретін, дайындықты ұйымдастырушы және жобаның есебін беруші тұлға, менеджер. Жобаның менеджері - жобаны жүзеге асыратын жауапты адам.


Руководитель проекта (Project manager) — менеджер, отвечающий за успешную реализацию проекта, взаимодействие с заказчиком, субподрядчиками и подразделениями компании, организацию подготовки и предоставление отчетности по проекту. Менеджер проекта — лицо, ответственное за управление проектом

Жоба менеджменті - заманға сай тәсілдерді адамдар мен ресурстарды қолданудың нұсқаулық жолдарын пайдалана отырып, құралдар мен алдын ала белгіленген шектеулі уақыт ішінде орындалуы тиіс арнайы мақсаттар, қаражат және күтілетін жоба нәтижесін сипаттайтын кәсіби шығармашылық қызмет. Жобаны басқару дегеніміз білімді, дағдыны, әдіс-тәсілді қолданып, жобадан күткен нәтижені табысты іске асыру.

Управление проектами (Project Management) - профессиональная творческая деятельность по руководству людскими и материальными ресурсами путем применения современных методов, средств и искусства управления для успешного достижения заранее поставленных целей при определенных требованиях к срокам, бюджету и характеристикам ожидаемых результатов проектов. Управление проектом— процесс применения знаний, навыков, методов и средств и технологий к проектной деятельности с целью достижения или превышения ожиданий участников проекта

Жобалық тәуекелдер - жобада кездесуі мүмкін белгісіз күтпеген жағдайлар. Олар жобаның мақсатқа жетуіне кері әсер етуі мүмкін.

Проектные риски (Project Risks) — возможность возникновения непредвиденных ситуаций или рисков событий в проекте, которые могут негативно или позитивно воздействовать на достижение целей проекта.



Жобаның күнтізбелік жоспары - орындалу мерзімі мен жауапты адамдар белгіленген, жобаны басқару жоспарына сай, белгілі формада дайындалған жобаланған жұмыстар тізімі.

Календарный план проекта (Project Schedule) — перечень планируемых работ проекта со сроками исполнения и ответственными лицами, подготовленный в соответ-

ствующей форме, определенной планом управления проектом.

Жұмыс беруші - еңбек шартымен тағайындалған тәртіпте, жұмыскердің белгілі бір уақыт бойынша еңбек қатынасында болатын заңды немесе жеке тұлға.

Работодатель (англ. Employer, hirer) – юридическое или физическое лицо, с которым работник состоит в трудовых отношениях, установленных трудовым договором.

Жұмыс күшінің көші-қоны (халықаралық) - еңбекке жарамды халықтың жұмыс, жақсы тұрмыс жағдайын іздеп, бір елден екінші елге көшіп баруы.

Миграция рабочей силы (международная) (англ. Labor migration (international)) – перемещение трудоспособного населения из одной страны в другую в поисках работы, лучших условий жизни.

Жұмыспен қамтылу деңгейі - жұмыспен қамтылған халықтың жасы он алтыдан асқан барлық тұрғын халыққа немесе халықтың әлдебір бір белгілері бойынша бөлінген тобының, мысалы еңбекке жарамды тұрғын халықтың, осы топтың барлық адамдарына қатынасы.

Уровень занятости (англ. Employment rate) – Отношение занятого населения ко всему населению старше шестнадцати лет или какой-либо группе занятого населения, выделенной по определенному признаку, например население в трудоспособном возрасте ко всей численности этой группы.

Жұмыссыздық - еңбек рыногінде экономикалық тұрғыда белсенді еңбекке жарамды халықтың бір бөлігінің талап етілмеуіне байланысты туынданған әлеуметтік-экономикалық ахуал. Жұмыссыздық жұмыс табуға тілек білдірген

адамдар санының бар жұмыс орындар санынан асып түсуіне байланысты туындайды. Жұмыс іздеуші, еңбек машығына сай келетін жұмыс алуға нақты мүмкіндігі жоқ еңбекке жарамды азаматтар жұмыссыздар деп саналады.

Безработица (англ. Unemployment) – социально-экономическая ситуация, обусловленная не востребова́нностью на рынке труда части экономически активного трудоспособного населения. Безработица обусловлена превышением числа людей, желающих найти работу, над числом имеющих рабочих мест, соответствующих профилю и квалификации претендентов на эти места. Безработными считаются трудоспособные граждане, ищущие работу, зарегистрированные на бирже труда и не имеющие реальной возможности получить работу в соответствии со своим образованием, профилем, трудовыми навыками.

Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы - жұмысын жоғалтуға байланысты, еңбекшілерді әлеуметтік жағынан қорғау нысандарының біреуі. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеу, тәртіпке сәйкес, жұмыспен қамту қызметіне жүктеледі.

Пособие по безработице (англ. Unemployment benefit) – одна из форм социальной защиты трудящихся, связанная с потерей работы. Выплата пособия по безработице, как правило, возлагается на службу занятости.

Жұмыссыздықпен күрес - жұмыссыздықты және оның зиянды салдарын қысқарту үшін іске асырылатын шаралар.

Борьба с безработицей (англ. Fight against unemployment) – меры, принимаемые с це-

лью сокращения безработицы и ее вредных последствий.

Жылдық есеп - жылда басып шығарылатын, ұйымның мақсаты, бағдарламалары, іс-шаралары мен жетістіктері сипатталған; ұйымның қызметіне сәйкес келетін жарналарды алу құқығын негіздейтін; басқару органдары мен құрылымы туралы ақпарат берілген; тартылған қаржының, материалдық ресурстардың және алынған қызметтердің қаржылай көлемін және оларды өткен есептік жылда қалай пайдаланылғанын көрсететін қаржылық есебі қамтылған жазба құжат.

Годовой отчет – письменный документ, издаваемый ежегодно, содержащий описание цели организации, сведения о программах, мероприятиях и достижениях; обоснование права организации получать соответствующие взносы; информацию о руководящем органе и структуре; финансовый отчет организации за год, отражающий количество привлеченных денежных средств, материальных ресурсов и полученных услуг в денежном выражении и их расходование за истекший финансовый год.

Жылжымайтын (қозғалмайтын) мүлік - жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын дүние, жылжымайтын зат) жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, көпжылдық екіпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын мүлік жатады. Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемесі, ғарыштық объектілер де қозғалмайтын заттарға теңестіріледі. Заң құжаттары бойынша қозғалмайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылуы мүмкін.

Недвижимость (англ. Realstate, immovable property) – к недвижимому имуществу (недвижимые вещи, недвижимость) относятся: земельные участки, здания, сооружения, многолетние насаждения и иное имущество, прочно связанное с землей, то есть объекты, перемещение которых без несоразмерного ущерба их назначению невозможно. К недвижимым вещам приравнивается также подлежащие государственной регистрации воздушные и морские суда, суда внутреннего водного плавания, суда плавания «река – море», космические объекты. Законодательными актами к недвижимым вещам может быть отнесено и иное имущество.

Заң - мемлекет белгілеген бүкіл нормативтік-құқықтық актілер, жалпыға бірдей міндетті ережелер; мемлекеттік биліктің жоғары өкілетті органы қабылдаған немесе тұрғындардың тікелей ерік білдіруі арқылы (мысалы: референдум тәртібімен) қабылданған, неғұрлым маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік акт. Заң мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізін құрайды. Заң күші кез келген нормативтік актінің нормаларын жоя алады. Бүкіл мемлекеттік органдардың актілері заңға сәйкес келуге, оның қағидалары негізінде және оны орындау бағытында шығарылуға тиіс, яғни заңға негізделген сипатта болуы шарт. Занды қабылдаудың айрықша тәртібі бар. Мазмұндалған нормалардың маңызына қарай заңдар конституциялық заңдар және қарапайым заңдар болып бөлінеді. Конституциялық заңға конституцияның өзі және Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңдар жатады. Ал қарапайым заңдарға жүйелік және ағымдағы заңдар жатады.

Закон (англ. Law) - юридический акт, принятый высшим представительным орга-

ном государственной власти либо непосредственным волеизъявлением народа (в порядке референдума) и регулирующий, как правило, наиболее важные общественные отношения. Составляет основу системы права государства, обладает наибольшей юридической силой по отношению к нормативным актам всех иных органов государства. Для закона характерен особый порядок принятия, специальная законотворческая процедура, распадающаяся на ряд стадий: законодательная инициатива, обсуждение законопроекта, принятие закона и его опубликование. Будучи единым по способу формирования, положению в правовой системе государства и роли в регулировании общественных связей, закон в то же время делится на определенные виды. В частности, по значимости содержащихся в законе норм они делятся на конституционные, органические (см. Конституционный закон, Органический закон) и обычные. Обычные законы делятся на кодификационные и текущие; 2) в широком смысле - нормативные правовые акты в целом; все установленные государством общеобязательные правила.

Заң шығарушы билік - билікті бөлістіру қағидасына негізделген, биліктің үш тармағының бірі. Заң шығарушы биліктің басты қызметі болып заңдарды құрау және қабылдау болып табылады.

Власть законодательная (Legislative power) - одна из трёх ветвей государственной власти, основанная на принципе разделения властей. Главными функциями законодательной власти является разработка и принятие законов.

Занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің мүлік салығы - нақты тікелей салық, оның шамасы төлемшілер мүлкінің табыстылығына байланысты емес, оның құнына байланысты.

Налог на имущество юридических лиц и индивидуальных предпринимателей (англ. Property tax of legal entities and individual entrepreneurs) – прямой реальный налог, величина которого зависит от стоимости имущества налогоплательщиков, а не от его доходности.

Заңнама- объективті құқықтың сыртқы нысаны. Әдетте заңнама мемлекеттік билік пен басқарудың жоғарғы органдарының актілерін қамтиды, бірақ кейде бұл ұғым мемлекеттік басқарудың орталық органдарының актілеріне қатысты қолданылады.

Законодательство (англ. Legislation) – внешняя форма выражения объективного права. Как правило, законодательство охватывает акты высших органов государственной власти и управления, но иногда это понятие распространяется на акты центральных органов государственного управления.

Зейнеткерлікке шығу - зейнеткерлік жасқа толу немесе басқа да себептермен жұмысын тоқтату.

Выход на пенсию (англ. Retirement) – прекращение работы в связи с достижением пенсионного возраста или по иным причинам.

Зерттеу нысаны - таным процесі бағытталған шындық. Қоғамдық кереғарлық пен мәселелерден тудыратын жағдайлар. Қоғамтануда бұл адамдар, олардың шынайы қызметі немесе қызмет шарттары. Адамдар, топтар немесе құжаттар бақылаудың, ақпараттың көзі ретінде де танылады.

Объект исследования – та реальность, на которую направлен процесс познания. То, что содержит социальное противоречие, проблему. В социологии, обычно, это люди

с их реальной деятельностью или условиями деятельности. Люди, группы, или документы выступают и как единицы наблюдения, источники информации.

Зияткерлік өнім, рухани өнім - ой қызметінің өнімі осылай аталады. Бұған түрлі өнертапқыштық, технологиялар, ғылыми жаңалықтар, компьютер бағдарламалары, зерттеу, құрастыру, жоба жұмыстарының нәтижелері, сондай-ақ «ақпарат» түсінігіне кіретіннің барлығы кіреді.

Продукт интеллектуальный (англ. Intellectual product) – так называется продукт умственной деятельности. Сюда относятся различные изобретения, технологии, научные открытия, компьютерные программы, результаты исследовательских, конструкторских, проектных работ, а также все, что входит в понятие «информация».

Зорлық – зомбылық құрбаны болған балалар - отбасында, білім беру және қорғаншылық мекемелерінде зорлық – зомбылық (денесіне, сексуалдық, психологиялық, балағаттау немесе билігін асыра пайдалану, қамқорлықтың болмауы немесе салғырттық және дәрекілік көрсету немесе жұмысқа жетілу) басынан өткерген және (немесе) өткеріп отырған балалар.

